



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
 ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
 ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ  
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
 AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
 REPUBLICAN CENTER OF THE STUDY OF TRADITIONAL CIVILIZATIONS  
 OF CENTRAL ASIA



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
 ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ  
 ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР»** атты  
 халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы қ., 12 қараша 2015 ж.



**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-теоретической конференции  
**«ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ  
 И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ ЦИВИЛИЗАЦИЙ  
 ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»**

г. Алматы, 12 ноября 2015 г.



**MATERIALS**

International scientific and theoretical conference  
**«THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES  
 AND PROBLEMS OF STUDYING THE TRADITIONAL  
 CIVILIZATIONS OF CENTRAL ASIA»**

Almaty, 12 November 2015 g.



Алматы 2015

АЛҒЫ СӨЗ	
Мұтанов Ғ.М.	3

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**

Омарбеков Т., Хабижанова Г. Ұлы даланың көшпелілер өркениетін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері туралы	4
Mualla UYDU YÜCEL Kiev Knežliği Döneminde Türk-Rus İlişkileri	9
Екеев Н.В. Социально-политическая организация кочевников Алтая в XVII –первой половине XVIII вв.	18
Ташағыл Ахмет Gök Türkler ve Eski Türk Devlet Modeli	22
Төлеубаев Ә.Т. Қазақ әдет-ғұрыптарындағы, дүниетанымындағы қасиетті сандар	29
Claudia Chang Landscapes of Power and Elite Settlement at the cusp of the Saka and Wusun Periods in Semirech'ye (400 -200 BC): the Talgar case study	34
Mehdiyeva Nisbet Canmemmed kızı Merkezi Asya ve Kazakistan Göçebeleri (XIX-XX yüzyıl başlarında)	38

**СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР**

**Бірінші секция / Первая секция**

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛАРЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ/ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ТЕРРИТОРИИ И СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В СРЕДНИЕ ВЕКА**

Кәрібаев Б.Б. Қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымы және Қазақ хандығы құрылуының мәселелері	42
Тулибаева Ж.М. Цивилизация и государства Центральной Азии в описании мусульманских средневековых авторов	50
Қуандық Е.С. Қасым ханның қасқа жолы	52
У Юйгуй Көне түріктердің қытайша жазылған құлпытас ескерткіштерінің катологы (Қытайшадан ықшамдап аударған: Сағынтай СҰҒАТАЙ)	56
Өтениязов С. Қазақ мемлекеті тарихының зерттелу проблемалары	59
Мұхатова О. Х. IX–XII ғасырлардағы отандық тарихи ой	64
Жумадил А.К. Казахстанская историография конца XX-начала XXI века о кочевой государственности	68
Сайлан Б. Көшпелілердің қару-жарақ түрлері: садақ пен жебе	72
Abdiraïymova A.S. Comparative Parallels of the Statehood of Nomads Great Steppe and the Modern State of Kazakhstan	77
Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. Қазақ хандығының құрылуы: тарихи алғышарттары мен өзекті мәселелері	79
Бегімтаев Ш.Қ. «Тауарих-и Хамса» еңбегіндегі Сағұқ Боғра ханның бейнесі	82
Смағұлов С. Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулардың әскери қызметі	84
Абдулина А.Т. Женщины Великой степи: саки, кыпчаки и казахи	91
Абдилдабекова А.М. Обычное право кочевников в историко-правовых исследованиях XX века	94
Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының зерттелуі	97
Майданали З. Харизма и власть в кочевых империях (историография проблемы)	100
Искакова Г.З. Түргеш қағанатының территориясы мен шекарасы	103
Оскенбай М.Ә. Этноэконометтік құрылым тарихты зерттеудің объектісі ретінде	105
Сагандыкова А.Б. Распространение ислама в Казахстане	108
Ноянов Е.Н. Қазақ халқының этникалық территориясының біріктірілуі	111

**Екінші секция / Вторая секция**

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ МЕН БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ/ ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ И ВЗАИМОВЛИЯНИЯ КОЧЕВОЙ И ОСЕДЛОЙ ЦИВИЛИЗАЦИЙ В ИСТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

Нұртазина Н.Д. Ұлы дала мен Мәуараннаһр орталықтарының интеграциялануындағы ислам факторының ролі (VIII-XIII ғғ.)	114
---	-----

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗІНДІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Талас Омарбеков

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Орталық Азиядағы  
дәстүрлі өркениеттерді зерделеу орталығының директоры,  
профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі

Гүлнәр Хабижанова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының  
профессоры, т.ғ.д. Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Көшпелі халықтар тарихы дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі. Ол адамзаттың қалыптасуының бастау тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да ол, ғалымдардың назарын өзіне аударып, әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді туғызуда. Яғни адамзат өркениеті тарихын оның дамуының бір сатысы ретінде көрінетін көшпелілер өркениетінсіз көзге елестету мүмкін емес.

**Көшпелілікке сипаттама.** Орталық Азия елдері тарихында Көшпелілік Европа зерттеушілерінің еңбегінде «номадизм» деген жалпылама сипаттамаларға ие болған[1]. Шын мәнінде тарихи зерттеулерге жасалған талдау көшпеліліктің әртүрлі түрде кездесетінін және оның эволюциялық сатылары бар екендігін көрсетіп отыр. Тарихи әдебиетте көшпелілікті табиғаттың маусымдық өзгерістеріне байланысты қалыптасқан, экстенсивті мал шаруашылығына негізделген тұрмыс-тіршілік түрі ретінде сипаттау орын алған. Көшпелілікті зерттеумен ұзақ жылдар бойы айналысқан евроцентристік көзқарастағы кейбір зерттеушілер шаруашылықтың бұл түрін өркениеттен артта қалу, тіптен жабайылық пен тағылық көрінісі ретінде біржақты түсіндіріп келді[2].

Мұндай көзқарас бойынша алдыңғы қатарлы өркениетті тек отырықшы халықтар ғана жасай алады. Көшпелілік орын алған Орталық Азия сияқты аймақтарда қоғамдық дамуда тоқырау және тежелу көрініс береді. Зерттеушілер ортасында ұзақ уақыт орын алған осындай субъективті ұстаным көшпеліліктің шығуын және дамуын, сондай-ақ, оның отырықшы-диханшылық аймақтармен етене байланыстарын жан-жақты және толық көрсетуге кедергі жасап келді.

Шын мәнінде мұндай көзқарас көшпелі өмір сүру формасының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсете алмайды. Өйткені зерттеушілердің еңбектері көшпеліліктің де өзіндік ерекшеліктері бар әртүрлі түрлерін жеке-жеке сипаттап көрсетуде. Олар бойынша, біріншіден, далалық және жартылай шөл далалы аймақтардағы көшпелілердің өмір сүрулерінің өзіндік әдістері бар. Мысалы, сақтардың, сарматтардың, ғұндардың және т.б. шаруашылығы осындай кеңістіктегі өмір сүру формасына жатады. Екіншіден, биік таулы жазықтардағы көшпелі малшылар шаруашылықтары да ерекшеліктерімен назар аудартады. Үшіншіден, Сібірдегі, тайгадағы бұғы шаруашылығымен және аң аулаумен айналысатын көшпелілер тіршілігі тағы бар. Төртіншіден, тундра аймағындағы таза бұғы шаруашылығымен айналысушыларды да ескерген жөн. Бұларда табиғи-климаттық жағдайлардан туындаған өзгешеліктер материалдық және рухани тұрғыдан өзіндік өмір сүру ерекшеліктерін қалыптастырды.

Сонымен бірге көшпеліліктің өзі табиғи – климаттық жағдайға ғана емес, этно-географиялық ахуалдарға байланысты да ерекшеленіп, бөлінеді. Мысалы, кейбір зерттеушілер субтропикалық аймаққа жататын Алдыңғы Азия және Солтүстік Африка көшпелілерінің араб елдерінде тарағанын атап көрсетеді. Екіншіден, Евразияның далалық аймағындағы құрғақшылық белең алған өлкелердегі түрік-монғол халықтарының көшпелі шаруашылықтарының да өзіндік келбеті бар.

**«Номадтар» және «Көшпелілер» атауларын дұрыс қолданып жүрміз бе?** Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: әр аймақтағы көшпелілік өзіндік ерекшеліктерге ие болғандықтан жоғарғы өркениетке қол жеткізген отырықшы елдердің зерттеушілері «номадизм» деген атауды көшпеліліктің қандай түріне қолдануға болатынын анықтап алулары керек. Біздің ойымызша «номадтар» деп белгілі бір атамекені, географиялық аймағы жоқ және тұрақты көшу бағыттары да айқын емес қаңғыбас, баспанасыз көшпелілер тобыры аталуы керек. Ал «көшпелілік» атауы көшу аймақтары нақты белгіленген, белгілі бір табиғи климаттық және географиялық ортаға тәуелді, тұрақты және дәстүрлі мал шаруашылығын қалыптастырған, көшу кезеңдері тәртіптелген (қыстаулары, коктеулері, жайлаулары және күздеулері анық белгіленген), соған байланысты көшпелілікке бейімделген баспаналары (киізүй, қыстаулар және т.б.) бар, тұрмыс-салты тұрақтаған,

дәстүрлі шаруашылық түрімен айналысатын адамдардың этно-элеметтік қауымдастығына қолданылуы тиіс. Өйткені зерттеулер көрсеткендей, көшпеліліктің шығуы табиғи-климаттық ортаға тікелей тәуелді.

**Көшпелілік қашан және қалай пайда болды?** Әдетте, тарихи зерттеулер көшпеліліктің (европалық зерттеулерде – номадизмнің) өзін мал бағушылардың өмір сүру көрінісі, түрі ретінде бағалай отырып, оның б.з.б. 2000 мыңжылдықтың соңында және 1000-жылдықтың басында Евразияның таулы далалық аймақтарындағы тайпалардың отырықшы және жартылай отырықшы шаруашылық түрінен біртіндеп жылжымалы мал шаруашылығына көшу үдерістеріне жалғасқанын атап көрсетеді. Әлі де тарих ғылымында дәлелдей түсуді қажет ететін бұл мәселеге назар аударған П.Н.Савицкий «мүлде шөл далада бақташының тұрақтай алмайтынын» атап көрсете келе «көшпеліліктің мекені дала және шөптесінді шөлейт» болып табылатынын атап көрсеткен еді. Сонымен қатар ол, өзінің көшпеліліктің шығуына байланысты болжамын айта келе «оның ерте және кейінгі тас ғасырынан жақсы таныс отырықшылықтан бөлініп шығуы әбден мүмкін» екендігіне назар аударады[3]. Оның ойынша мұндай бөлініске отырықшыны ұмтылдырған сулардың жағалауындағы шүйгін шөпті алқаптар болды. Осындай кеңістікте мал өсіру арқылы отырықшылыққа тәуілсіз, тыныш өмір сүруге болатынын аңғарған отырықшы енді біртіндеп көшпеліге айналды. Қалай десекте көшпеліліктің шығуы адам қызметіне емес, табиғи ортаға тәуелді. Сондықтанда кезінде профессор С.П. Швецов қазақ надан, қараңғы болғандықтан көшпелі болған жоқ, оны табиғи орта көшпелі болуға мәжбүрледі деген қағиданы ғылыми айналымға енгізген болатын[4]. Бұл айтылғандардың қисыны бар.

Сонымен бірге көптеген зерттеушілер Евразия аймағындағы көшпеліліктің шығу кезеңін б.з.д. 5-4 мыңжылдықтардан бастайды [5]. Ал енді көшпелі тұрмыстың қалыптасуы туралы айтқанда, зерттеушілердің көбісі жоғарыда атап көрсетілгендей, ол б.з.д. 2-1 мыңжылдықтардың қиылысында аяқталды деген көзқарасты ұстанып келеді. А.М.Хазановтың ойынша көшпелі мал шаруашылығына көшу дүниежүзілік тарихтағы айқын тарихи құбылыс ретінде б.з.д.1 мыңжылдықта аяқталды [6]. Г.Е.Марков мұны нақтылай түсіп, көшпелі мал шаруашылығына көшудің хундар заманы аяқталып, ерте түрік дәуірі басталған кезеңде қалыптаса бастағанын айтқан еді [7]. Осы көзқарастарды жан-жақты талдаған қазақстандық белгілі этнограф Н. Әлімбаев осы «ертетүрік дәуірінде жетілген номадизмнің қалыптасуына байланысты байырғы көшпелілердің антропогеоценозының көшпелілердің біртұтас шаруашылықтық- мәдени түрге ұласқанын» атап көрсетеді [8]. Ал енді Қазақстанда көшпеліліктің қалыптасу тарихы қазақстандық зерттеушілердің пікірінше б.з.д. YIII-Y ғасырлардан басталады. Бұл кезеңде «өмір сүрудің негізгі құралы шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісі болып табылатын көшпелі мал шаруашылығы алғашқы этно-мәдени қауымдастық түрінде қалыптасты»[9]. Негізінен қазақстандық ғалымдар мұндай қорытындыға академик Әлкей Марғұланның Беғазы-Дәндібай және Қарасуық мәдениеттерін зерттеуге байланысты жұмыстары негізінде келген болатын. Мұның өзі б.з.д.1 мыңжылдықтың басында климаттық ахуалдың өзгеруіне байланысты, нақты айтқанда, бұрынғы құрғақ ауа райының орнына субатлантикалық, яғни едәуір дымқыл және суықтау табиғат ахуалының қалыптасуынан туындады. Сонымен көшпеліліктің шығуына ең басты себеп табиғи-климаттық жағдайдың өзгеруі деп қарастыратын болсақ, адамның өмір сүру аймағында күн сәулесі қуатының артуы, жердің жоғарғы қабатының жаз айында қызуы, атмосфералық құрғақшылықтардың жиі-жиі қайталанып отыруы, континентальды климаттың орын алуы, су, жайқалып өсетін өсімдік және құнарлы топырақ қорларының жетіспеуі, жауын-шашынның белгілі бір аймақтық немесе маусымдық кезеңдерде орын алуы осындай көптеген мәселелер көшпеліліктің әртүрлі формаларының қалыптасуына алып келді. Әрине, малға азық болатын жем-шөптің жетіспеуі жердің беткі қабатындағы өсімдік түрлерінің шығымдылығының нашарлығы алғашқы адамдардың жаңа жайылымды алқаптарды іздестіруге және игеруге байланысты іс-әрекеттеріне жалғасты. Сонымен қатар жайылымды алқаптардың үздіксіз өзгеріп отыруларына су қорларының жеткіліксіздігі, сөз көздерінің аздығы, оған қосымша атмосфералық жауын-шашынның жетіспеуі көшпелілікті жазық далада және жоғары өрлейтін таулы сондай-ақ тау етегіндегі аудандарда өркендетуге өзгерістер әкелді.

Сонымен бірге қысқы жағдайдағы жауған қардың қалыңдығы да бақташылар бағатын малдың түрлеріне өзгерістер енгізді. Мұндайда жылқы малы едәуір қалың қар қабатынан тұяғымен тарпып жем-шөп тауып ала алатын болса, ал ұсақ қой малына азғана қалың қар қабаты азық-түлік тауып алуға кедергі жасады. Сонымен бірге қардың қалыңдығы ғана емес, оның кейбір аймақтарда аз жаууы да көшу бағыттарын үздіксіз өзгертіп отырды. Табиғи климаттық жағдай көшпелілер айналысатын дәстүрлі мал шаруашылығының құрамындағы малдың түрлерін де осылайша өзгерістерге ұшыратты. Мұның өзі әрине көшпелілердің дәстүрлі тұрмыстық өміріне де көптеген өзгерістер алып келді.

**Көшпеліліктің шығуына байланысты көзқарастар.** Ұзақ уақыт бойы тарихнамада алғашқы адамдардың аңшылықпен үздіксіз айналысуы отырықшы-диқаншылық өмірдің пайда болуына алып



келді деген көзқарас үстемдік алып келді (Широв, Марков, Зивер және т.б.). Алайда кейініректегі зерттеулерде көшпелілер тұрмысы жабайы жануарларды қолға үйрету және мал шаруашылығының дамуы бәрінен бұрын егіншілік өндірісінің және отырықшы өмірдің негізінде пайда болды деген пікір дәлелді түрде айтылуда. Шындығында да қола дәуіріндегі андронов мәдениетін зерттеу және Орталық Азиядағы осы мәдениеттің үлгілерімен танысу осы айтылғандарды дәлелдей түседі. Қола дәуірінің өзінде-ақ Қазақстан аймағында және Орталық Азияда мал шаруашылығының айқын басымдықпен дами бастағаны және мұның отырықшы егіншілік өмірдің тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты болғаны айқын байқалады. Бұл айтылғандар Киселевтің, Бернштамның, Мағұланның, Массонның, Акишевтің, Байпақовтың, Здановичтің және т.б. еңбектерінде дәлелденген болатын [10]. Ә.Х.Марғұланның зерттеулері Орталық Қазақстандағы ашық далалық аймақтардағы ежелгі көшпелілер шаруашылығы отырықшы қорғандар орналасқан аймақта өркендегенін көрсетіп берді. Шындығында да Андронов мәдениетінің Қазақстандағы қоныстары алғаш өзендер мен көлдердің жағалауларында пайда болып біртіндеп далалық аймақтарға таралғанын байқатады. Бұдан шығатын қисынды қорытынды: кейінгі тарихта көшпелілер деп жүргендеріміз шын мәнінде бұрынғы отырықшылар. Табиғи орта диқанды аң аулаушы аңшыға және көшпеліге айналдырды. Олай болса кейбір зерттеушілер құсап көшпелілікті отырықшылыққа қарсы қою тарихи шындықтың талаптарына жауап бере алмайды.

Дегенмен де, көшпелілердің шаруашылығының қалыптасу түрлерінің көп түрлі болғанын ұмытуға болмайды. Оның біреулер айтқандай алғаш отырықшы мекендерде пайда болған аңшылар шаруашылықтары негізінде шығуы да мүмкін, сонымен бірге, зерттеуші Л.Л. Викторова атап көрсеткендей, Орталық Азиядағы көшпелілік диқандардың климаттық өзгерістерге байланысты көшпелі тұрмысқа бейімделуінің нәтижесі болуы да, сондай-ақ жартылай отырықшы бақташы-аңшы-диқан шаруашылықтарының көшпелілікке ұласуы түрінде пайда болуы да әбден мүмкін. Сонымен бірге көшпеліліктің шығу генезисінде оның әртүрлі кезеңдері болғанын да зерттеушілер теріске шығармайды. Мысалы, С.И. Руденко, А.Н. Бернштам, Л.П. Потапов және т.б. оның мынандай қалыптасу кезеңдерін атап көрсетеді: үйдің айналасындағы малшылық; бір жайылымнан екінші жайылымға малды қуалап айдайтын бақташылық; бүкіл жаз маусымында далаға, тау бөктеріне малды еркін жаятын жайлаудағы малшылық. Әрине, мұндай малшылық түрлері бағылатын мал басы түрлерінің де өзгеріске ұшырауына алып келді. Мысалы, едәуір алысқа жайылатын малдың құрамында мүйізді ірі қара азайды, керісінше қой, ешкі және жылқы малдарының үлесі артты. Қазақстан аймағындағы көшпенді мал шаруашылығын басқа өңірлердегі, мысалы, Кавказдағы, Солтүстік Африкадағы көшпелілер өмірімен салыстыру көшпелі шаруашылықтың нақты тарихи және шаруашылықтық-мәдени және экологиялық жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырап, олардағы мал бағатын шаруашылықтың түрлерінің де әртүрлі болып келетінін аңғартады.

Сондықтан да, біздің ойымызша, мал бағатын шаруашылықты отырықшы малшы, аңшы-малшы, жартылай көшпелі, таза көшпелі деген тәрізді түрлерге бөлу керек. Әрине мұндайда мал шаруашылығымен байланысы бар мұндай тұрмысты бір сөзбен жалпылама «**номадизм**» көрінісі ретінде бағалау көшпелі шаруашылықтың ішкі механизмін де, даму эволюциясын да толық зерттеуге мүмкіндік бере қоймайды. Әрине, көшпеліліктің генезисін зерттеуде белгілі бір шаруашылық салаларының пайда болуын да естен шығаруға болмайды.

Қазақстан жағдайындағы көшпенділіктің шығуына келер болсақ, С.Е. Толыбековтың концепциясы назар аудартады. Онда жайылымдық мал шаруашылығының үш сатысы тарихи-мәдени даму көрсеткіші ретінде қарастырылады. Оның айтуынша Қазақстанда ХУ-ХУІІІ ғғ. аралығында маусымдық жайылымы анықталмаған, жыл бойы көшіп жүру, яғни таза көшпенділік орын алған. Екіншіден, ХУІІІ ғасырдың соңында және ХХ ғасырдың басында бір орнында 6 ай бойы қоныстанған жартылай көшпелі мал шаруашылығының түрі өркендеді. Үшіншіден, таулы, орманды және далалық-орманды аудандарда тұрақты қыстауы бар, малға арналған қорасы бар, және қыстау баспанасы бар, жыл сайын жазда малға арнап шөп шабатын және егін егіп диқаншылықпен айналысатын біршама отырықшы, бірақ жайылымды экстенсивті мал шаруашылығы өрістеген [11].

Сонымен бірге қазақ көшпелілерінің көшу жүйесінде қыстау, көктеу, жайлау және күздеу тәрізді айналып көшу жүйесі қалыптасқаны да белгілі. Алайда қазақтардың көшу жүйесін моңғолдардың жыл бойы тоқтаусыз көшетін тұрмысымен салыстырған Певцов, Масанов және т.б. С.Е. Толыбековтың ұстанымын мақұлдамайды [12]. Біздің ойымызша қазақтардың көшпелі тұрмысын моңғолдардың жыл бойы көшетін шаруашылық түрімен салыстыруға болмайды. Әрбір халықтың көшпелі шаруашылығының сипаты сол аймақтағы географиялық-климаттық жағдайға және сонымен қатар ғасырлар дамуында қалыптасқан этно-элеметтік көшпелілер қауымдастығына тікелей тәуелді екендігін естен шығаруға болмас. Тарихи тұрғыдан осылай орныққан көшпелілер тіршілігінің шаруашылықтық-мәдени түрлерінің көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы деп бөлінгеніне қарамастан олардың нақты өмірде ешқашан да таза түрде кездеспейтінін ескеруіміз керек. Мал

шаруашылығының өркендеуі шаруашылықтың басқа түрлерін де жетілдіруге алып келді. Мысалы, ежелгі қаңлыларда және оғыздарда, байырғы үйсіндерде көшпелілікпен қатар отырықшылықтың кейбір белгілері де өркендеген. Мысалы, тарихи деректерде Сыр және Арал маңындағы ежелгі қаңлылар мемлекетіне 5 аймақтық қаланың бағынғандығы және мемлекеттің екі астанасының болғандығы атап көрсетіледі. Мал шаруашылығымен қатар көшпелілер металл қорыту өндірісін және әскери бұйымдарды жасауды кеңінен өркендетті. Өмір сұранысына сәйкес оларда теріні және металды өңдеу және т.б. қолөнер салаларын өркендету жолға қойылды. Сондықтан да көшпелілердің адамзат қоғамына берген материалдық, мәдени және рухани құндылықтары зерттеушілер тарапынан арнайы қарастыруды қажет етеді.

Осылай бола тұрса да, қазіргі еуроцентристік тарихта көшпелілер өздері жалқау, қабілетсіз болғандықтан және өркениетке ұмтылмағандықтан артта қалды дейтіндер де бар. Тарихи деректер мұндай ұстанымдарды да теріске шығарады. Көшпеліліктің сақталуына табиғи-климаттық ахуалдармен қатар белгілі бір тарихи кезеңдегі саяси-әскери және геосаяси жағдайлардың да ықпал жасағанын ескермеуге болмайды. Мысалы, қытайдың қысымына төтеп бере алмаған шығыс түркілерінің Кіші шад деген атпен мәлім болған Білге қағаны кезінде бірнеше қағанға кеңесші болған Тоныкөк данаға жүгініп, көшпеліліктен бас тартып, «қытай құсап егін егіп, қамал тұрғызалық» деген ұсыныспен келген еді. Бұл мәселе ежелгі қытай жылнамасында төмендегіше баяндалады: «...Кіші шад қала, қамал, ғибадатханалар салуды көкसेген еді, Тоньқұқ(Тоныкөк-Т.О.): «Болмайды. Түріктің халық саны аз, Таңдықтардың(қытайлықтардың-Т.О.) жүзден біріне жетпейді. Біз судың тұнығын, шөптің сонысын қуып, бір жерде тұрақтап отырмағандықтан әрі аң аулауды кәсіп етіп, барлығымыз қару өнерін игергеніміздің арқасында олармен әлі тіресіп келеміз. Күшейсек әскер аттандырып бұлап-талаймыз да, әлсіресек тау-тас, орман-тоғайды паналаймыз. Бұған келгенде Таңның әскері көп болғанымен мысы құрып қалады. Егерде қала салып, отырықты тұрмысқа көшіп, ескі салт-дәстүрімізді өзгертер болсақ, бір жолғы жеңілісте-ақ таңдықтар басып алады. Ғибадатхана адамды ізгілік пен момындыққа баулиды, ол батыршылықтың жолы емес. Салуға болмайды»[13]. Осылайша Тоныкөк Білге қағанға саны әлдеқайда көп қытайлықтардың отырықшы мекендерді қоршап алып, халықты жойып жіберетінін, саны көп жауынан орман-тоғайға, тау-тасқа қашып тығылып, оңтайлы жерде қарсы соққы берген көшпелілердің әскери өнерінің түріктерді аман сақтап отырғанын ескерткен еді. Осындай, әрқашан соғысқа шақырып тұратын саяси күрделі ахуалға байланысты түріктер отырықшылыққа көше алмады. Ал мұны біржақтылықпен надандық деп бағалау әділетсіздік емес пе?

**Материалдық және рухани мәдениет бастаулары.** Жалпы адамзат тарихында зерттеушілер көшпенділік барысында қалыптасқан байырғы сақтардың, сарматтардың және ғұндардың рулық-тайпалық бірлестігін ертеректегі көшпелілер деп сипаттайды, және олардың адамзаттың материалдық және рухани мәдениетіне қосқан үлесін мойындайды. Мысалы, киіз үйдің қалыптасуы және ат-әбзелдерінің, үзеңгінің пайда болуы, қолік ретінде ат арбалардың дамуы, көшпелілер пайдаланған соғыс өнерінің құрал-жабдықтарының жетілдірілуі және т.б. көшпелі қоғамның материалдық мәдениетіндегі жетістіктерді айқын көрсетеді. Ал енді ежелгі орта ғасырлардағы көшпелілердің кейінгі көшпелілерге жататындары белгілі. Көшпеліліктің осылай дамуы рухани өмірге де көптеген өзгерістер алып келді. Мұндайда айтарымыз, шаруашылықтың, жаңа тұрмыс-тіршіліктің түрлерінің өркендеуі, олардың әлеуметтік ұйымының қалыптасуы, неке және отбасылық мәселелердегі жетістіктері аса маңызды мәселелер болғандықтан бұлар бүгінгі этнография және әлеуметтану ғылымдарының басты нысандары ретінде арнайы зерттеуді қажет етеді.

Көшпелілер тарихындағы аса бай рухани қазына – ауызша тарих айту дәстүрінің құнды деректері. Біздің ойымызша қазақ тәрізді бұрын көшпелілер қоғамынан өткен халықтың тарихын зерттегенде Орталық Азия көшпелілерінің тарих жадының олардың өмір сүруін қамтамасыз етудегі әлеуметтік-мәдени ген ретіндегі ролін айқындайтын ауызша тарихтың материалдарын тарихи-деректік тұрғыдан талдауларға баса мән берілуі тиіс. Шынайы тарихты аңыздандырудан сақтанған кейбір зерттеушілердің әлі күнге дейін көшпелі қауымдастықтың ауызша тарих айту дәстүрлеріне қатысты деректерді ғылыми айналымға қосуға немқетті қарап келгендері ешкімге құпия емес. Мұндайда еуроцентристік ықпалмен кеткен кейбір зерттеушілердің жазба деректерін халықтың төл туындысы болып табылатын ауызша тарих мәліметтерінен жоғары қоятындары ғана емес, халықтың жадына орынсыз күмән келтіретіндері де бізді ойландыруы керек. Кезінде Жібек жолымен жүріп өткен жатжұрттық елшілер мен саудагерлердің айтқандарын шынайы тарих ретінде қабылдардан бұрын дәстүрлі тарих деректерін мәдени артефактілермен, яғни халықтың қолмұраларымен сондай-ақ ежелгі түркі және бұрынғы қытай жазба деректеріндегі көшпелілердің дәстүрлі қоғамына байланысты құнды фактілермен тарихи-салыстырмалы түрде қарастырудың берері мол. Мұндай зерттеу әдістері әрине, ауызша тарих деректерін жан-жақты зерттейтін пәнаралық байланыстарды басшылыққа алуы қажет етеді.

Көшпелілердің қалыптасу тарихын жан-жақты білу үшін халықтардың дәстүрлі дүниетанымын көрсететін ежелгі түрік мифологиясына жүгінген жөн деп ойлаймыз. Бұл мәселенің тарихы аса тереңде, және қазіргі кезеңдегі түркі халықтарының рухани мәдениетінің дамуын тарихи салыстырмалы талдау негізінде қарастыруды да қажет етеді. Бүгінгі күні сақталған дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, сенімдер мен нанымдар, тарихи жадыда әлі де сақталып, әдәбиетте, өнерде, дүниені тануда, дүниеге көзқараста көріністер беруде. Яғни, көшпелілердің мифологиялық дүниетанымы көшпеліліктің шығу тарихының бастауларына апаратын сандаған ғасырларға созылған үдеріс ретінде зерттеушілер назарын аударуы тиіс.

Сонымен бірге мынаны да ескермеске болмайды: ежелгі түріктердің көшпелілік рухында пайда болған мифологиясын қарастырғанда бұл мәселелердің тайпалық қауымдастықтардың қалыптасуымен және Орталық Азиядағы алғашқы мемлекеттердің құрылуымен және олардың діни дүниетаным эволюциясымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда түркі халықтарының шығуы туралы аңыздар мен ауызша деректердің ерте ортағасырлар кезеңінің фольклорлық деректері ретінде маңызды рол атқаратынын ұмытуға болмайды [14].

Көшпелілердің қоршаған ортаға, табиғатқа тәуелді болғаны жоғарыда айтылды. Осы тұрғыдан алғанда ежелгі түрік аңыздарының олардың қоршаған дүние туралы түсінігін көрсетуі назар аудартады. Оларда табиғат пен адамның қарым-қатынасы туралы дәстүрлі дүниетаным көрініс берген. Ал, бұл мәселенің сонымен бірге космогендік, космологиялық, астральді, антропологиялық, тотемистік және теогонистік мазмұндары айқын байқалады. Көшпелілер ортасында пайда болған осындай аңыздардың олардың өмірлік тәжірибесін бейнелейтін құрал болғаны жақсы белгілі. Ежелгі түріктердің мифологиясы табиғаттағы экожүйелілік бірлігі туралы идеяны айқындай түсуге және осы негізде көшпелілердің рухани саладағы табиғатпен тұрақты қарым-қатынастарын байқауға көмектеседі.

Евразия көшпелілерінің рухани мәдениетін көз алдымызға елестетуде олардағы діннің ертедегі түрлерін зерттеудің үлкен маңызы бар. Мұндай архаистік, яғни мифологиялық көзқарастардың шаманизм тәрізді дүниетанымға алып келгені белгілі. Бұл феноменнің тарихи тамырларын іздестіру көшпелілердегі мифология мәселесін қарастыруға алып келеді. Шаманизмді жан-жақты зерттеу этногенетикалық, этнотарихи және мәдени қарым-қатынастарды зерттеуге қажетті бағалы материалдарды береді. Ал бұлар көне түрік мифологиясының мәдени қорының негізін құрайтынын ұмытуға болмайды. Яғни, шаманизмнің көшпелілер мәдениетіндегі дәстүрлі ұстанымның элементі болғанын атап көрсетуіміз керек. Бұл құбылысты зерттеу халықтың ауыз әдебиетінің мазмұнын түсінуге алып барады. Бұл жерде белгілі түркітанушы С.Малов айтқандай, аталған кезеңнің ауыз әдебиеті үлгілерінің шамандық мазмұнына назар аударуға тура келеді [15].

Қоғамдық дамудағы көшпелілердің орны туралы көзқараста көшпелілерді халықтың артта қалған қауымдастығы ретінде түсінген Арнольд Дж. Тойнбидің көзқарасы ұзақ уақыт үстемдік алып келгені белгілі. Ол бойынша көшпелілер одақтары болашағы жоқ, қасаң экономика және дамудан кенже қалған өзінің қозғалысында тұйық шеңбердің ішінде айнала беретін және кошу кезеңдерін қайталап отыратын, алға басуды білмейтін өркениет ретінде қарастырылып келді [16]. Адамзат тарихында ұзақ уақыт бойы көшпелілер отырықшыларға қарсы қойылып, оларды екі түрлі өзара жау қарама-қарсы өркениеттер ретінде суреттеу орын алды. Алайда көшпелілер қоғамын мұндай көшпелі емес адамзат қоғамынан оқшаулау шын мәнінде, тарихи шындықты бейнелей алмайды. Өйткені көшпелі және көшпелі емес қоғам әрқашанда өзара ықпалдастықта дамып, өзара бірін-бірі толықтырып өркендеп отыратыны кейінгі зерттеулерде дәлелдене түсуде [17].

Десекте, күні бүгінге дейін көшпелілер қоғамын сыңаржақ бағалайтын көзқарастарға тиым болмай отырғаны өкінетеді, және мұның өзі туған халқы көшпелілер қоғамынан бүгінгі өркениетке келген елдер зерттеушілерінің осы бағытта тиянақты зерттеулер жүргізуін қажет етеді.

Сонымен айтылғандарды қорыта түсер болсақ, бүгінгі ғылымда Орталық Азия аймағындағы тарихи, рухани және мәдени құндылықтардың негіздерін қалаған көшпелілер қоғамы жасаған дәстүрлі өркениетін жан-жақты және нақты зерттемей бүгінгі қазақ және т.б. түркі халықтарының басқалармен этно-элеуметтік ассимиляциясының себептері мен сипатын, әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлі дүниетанымдар синтезін, әрқашан тәуелсіздікке ұмтылған өркениеттік этно-саяси құрылымдардың, яғни мемлекеттілік тарихының эволюциялық ерекшеліктерін ғылыми негізде пайымдау мүмкін емес.

1. История Казахстана. Энциклопедический справочник.-Алматы, 2010, с.442.
2. Қараныз: Хазанов А.М., Кочевники и внешний мир. Алматы, 2000; Кочевая альтернатива социальной эволюции. М.2002.
3. Савицкий Н.П. О задачах кочевниковедения(Почему скифы и гунны должны быть интересны для русского)//в кн.: Гумилев Л.Н. История народа хунну. Кн.2. М.. Институт ДИ иДИК,1998.468-470 бб.
4. Казахское хозяйство в его естественноисторических и бытовых условиях(материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской АССР).Под ред. С.П.Щецова. М.,1926, 14-15 бб.

5. Масанов Н.Е., Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества. Алматы: Print-S, 2011. 53 б.
6. Хазанов А.М. Социальная история скифов: основные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей. М.: Наука, 1975а, с. 10.
7. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. МГУ, 1976. с. 19.
8. Қараныз: Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Гылым, 1998. – 33 б.
9. Каракулов Б. О своеобразии традиционной музыки казахов // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Гылым, 1993 – 191 б.
10. Маргулан А.Х., Акишев К.А. и др. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966.
11. Тольбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII-начале XX века: политико-экономический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971. 466-490 бб.
12. Масанов Н.Е., Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества. Алматы: Print-S, 2011. 70-71 бб.; Певцов М.В. Путешествия по Китаю и Монголии. М.: Госиздат географ. лит.-ры, 1951. 110 б.
13. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. Алматы: Өнер, 2006. 136 б.
14. Вербицкий В.И. Алтайские инородцы. Сборник этнографических статей и исследований / Под ред. А.А. Ивановского. – М.: Т-во скоропечатни А.А. Левенсон, 1893. – 221 с.
15. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Л., 1991
16. Турсьнов Е. Единство эстетического опыта кочевых и нековчевых народов // Кочевники. Эстетика. Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Гылым, 1993 – 98 б.
17. Акатаев С.О. специфике культуры кочевья // Кочевники. Эстетика. Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Гылым, 1993 – 5-31 бб.

## KIEV KNEZLIĞI DÖNEMİNDE TÜRK-RUS İLİŞKİLERİ

**Mualla UYDU YÜCEL\***

Istanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi,  
Genel Türk Tarihi Anabilim Dalı Başkanı Prof.

VII-XIII. yüzyıllar arasında günümüzdeki Güney Rusya ile Ukrayna topraklarında yer alan ve “Karadeniz’in Kuzeyi” olarak adlandırılan sahada sırasıyla Hazar, Peçenek, Uz, Berendi, Kara-Kalpak, Kuman ve Bulgar Türkleri yaşamışlardır. İdil, Kuban, Don, Dinyeper, Dinyester Nehirlerini içerisinde barındıran bu saha hem bölgede hakimiyet kurmak isteyen Türk boyları için; hem de bu coğrafyada gelişmeye çalışan Doğu Slavyanları için büyük bir öneme sahip olmuştur.

V. yüzyıldan itibaren Doğu Slavları, Fin kavimleri ile Normanlar’dan gelen Varegler’le siyasi ve ticari münasebetler kurmuşlar ve bunun neticesinde de gittikçe karışarak Rus adı altında 882 tarihinde Kiev Knezliğini (Киевская Русь или Древнерусское государство: 882-1240) kurmuşlardır.

IX. yüzyıldan itibaren Doğu Avrupa sahasından başlayarak Asya bozkırlarına doğru sürekli gelişme gösteren bu devletin merkezi Kiev olmuş ve tahta ilk knez sıfatı ile Vareg soyundan gelen Rurik geçmiştir. Bundan sonra Kiev tahtına oturan kişi “Büyük Knez” olarak telakki edilmiştir. IX. yüzyılın ikinci yarısında kurulan bu devlet XIV. yüzyılda Moskova Knezliğinin önem kazanmasına kadar devam etmiş ve bu tarihten sonra Büyük Knezlik, Moskova Knezliğine geçmiştir (1328). Rus Yıllıkları Külliyyatı olarak isimlendirilen ve Kiev Knezliğinin ana kaynakları olarak kabul edilen **Polnaye Sobraniye Russkih Letopis’**lerde bu devletin kuruluşu ile ilgili destansı bilgiler oldukça fazla yer almıştır.

Kiev Knezliğinin topraklarının doğudan gelen Türk boylarının göç güzergâhını üzerinde bulunması yaklaşık 5 asır boyunca bu knezliğin sınır komşularını genelde Türk boylarının oluşturmaya sebep olmuştur. Knezliğin temelini oluşturan Doğu Slavları daha VI. asırdan itibaren Gök-Türk Hakanlığının kurulması ile İdil boylarını aşarak Doğu Avrupa’ya geçen Avarlar’dan itibaren Türkleri yakından tanımaya başlamışlardır. Zira 568’lerde Panonya (Batı Mearistan) merkez olmak üzere büyük bir devlet kuran Avarlar, Slavları da idareleri altına almışlardır. Uzun süre Avar hakimiyetinde yaşayan Doğu Slavları, Kiev Knezliğini kurduktan sonra IX. yüzyılda Obr [1] dedikleri Avarlarla, Knez Oleg (879-912) zamanında karşılaşmışlardır. Bu karşılaşma, Avarların Oleg’in idare ettiği Kiev’in önlerinden geçmeleri şeklinde cereyan etmiştir. Avarların tesirinde oldukça fazla kaldıkları bilinen Doğu Slavları bu devletin yıkılmasından sonra ikine bir Türk boyunun tesiri ve nüfuzu altında kalmışlardır ki bu boy Hazarlardır.

VIII. yüzyılın sonlarına kadar Hazar Devleti, Doğu Avrupa’nın en büyük devleti olma özelliğini korumuştur. Bulunduğu coğrafyanın Don Nehri kısmında ve bu nehrin aşağısında, Kerç boğazında hem ticaret iskeleleri hem de kaleler yaptırmış (Sarkel, Tmutarakan-Tamatarhan) ve Orta Dinyeper bölgesinde şehirler kurmuştur. İlim aleminde kurduğu bu şehirler arasında özellikle Kiev (Kiev’in adı eski Hazarca Sumbata veya Sarkata’dır)’in ilk sırada geldiği fikri yaygındır [2]. Bu fikirde Kiev’de “Pasınga (paşmga veya basınga)” adı ile bir Hazar yöneticisinin bulunması ve Kiev’in bir mahallesinin adının “Kozare: Hazarlar” ismini taşıması etkili olmuştur. Bu bilgilerden bölgedeki Hazar hakimiyetinin ne kadar güçlü olduğu açıkça görülmektedir. Bu sırada diğer milletler gibi Orta-Dinyeper’de bulunan Vareg-Ruslar da bu